БЕКІТІЛДІ
2021 ж. «28» қыркүйектегі
Жалғыз қатысушының шешімімен

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1.1. «LabMedTech» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестік қызметкерлердің жылдық орташа саны 100 адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

1.3. Серіктестік белгісіз мерзімге құрылады.

1.4. Серіктестік өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің фирмалық атауы, орналасқан жері және мекенжайы

2.1. Серіктестіктің фирмалық атауы:
1) мемлекеттік тілде – «LabMedTech» ЖШС
2) орыс тілінде – ТОО «LabMedTech»
3) ағылшын тілінде – LLP «LabMedTech»

2.2. Серіктестіктің орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Шұбар тұрғын алабы, Көшек Батыр көшесі, 5-үй, пошта индексі 010000.

3. Серіктестіктің заңды мәртебесі

3.1. Серіктестік заңды тұлғаның құқықтарына мемлекеттік тіркелген сәттен бастап ие болады.

3.2. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары бар.

3.3. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер атқаруға құқылы,

3.4. Сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3.5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы.

3.6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің қарыздары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздары бойынша жауап бермейді. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік өз

УТВЕРЖДЕН
Решением единственного участника
от «28» сентября 2021 г.

Устав товарищества с ограниченной ответственностью

1. Общие положения

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «LabMedTech» (далее - Товарищество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

1.2. Товарищество является субъектом малого предпринимательства со среднегодовой численностью работников не свыше 100 человек и среднегодовым доходом не свыше трехсоттысячекратного месячного расчетного показателя установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года.

1.3. Товарищество создается на неопределенный срок.

1.4. Товарищество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2. Фирменное наименование, место нахождения и адрес товарищества

2.1. Фирменное наименование Товарищества:
на государственном языке- «LabMedTech» ЖШС
на русском языке – ТОО «LabMedTech»
на английском языке – LLP «LabMedTech»

2.2. Местонахождение Товарищества:
Республика Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, Жилой массив Шұбар, улица Көшек Батыр, дом 5, почтовый индекс 010000.

3. Юридический статус Товарищества

3.1. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

3.2. Товарищество имеет печать, самостоятельный баланс, счета в банках.

3.3. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности,

3.4. Быть истцом и ответчиком в суде.

3.5. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстани за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть учредителем иных юридических лиц.

3.6. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Государство не отвечает по долгам Товарищества. Товарищество не отвечает по долгам государства. Товарищество не отвечает по обязательствам своего участника за

қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестік қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және енгізілген салым құны шегінде Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. 3.7. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы. Мемлекеттік органдардың Серіктестік қызметіне қатысуға құқығы жоқ. Мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттің келісімімен ол уәкілеттік берген орган атынан Серіктестік қатысушысы бола алады. Мекемелер меншік иесінің рұқсатымен, егер заң актілерінде өзге жағдай көзделмесе, Серіктестік қатысушы бола алады.	исключением случаев, предусмотренны действующим законодательством. Участни Товарищества не отвечает по его обязательствам несет риск убытков, связанных с деятельносты Товарищества, в пределах стоимости внесенног вклада. 3.7. Товарищество вправе выпускать облигации соответствии с действующим законодательством Государственные органы не вправе участвовать деятельности Товарищества. Государственные предприятия могут быть участниками Товарищества согласия государства в лице уполномоченного им органа. Учреждения могут быть участникам Товарищества с разрешения собственника, если инс не предусмотрено законодательными актами.
4. Серіктестік қатысушысы 4.1. Алматы қаласы, Клочков көшесі, 89-үй, 6-пәтер мекенжайы бойынша тұратын Мурадова Нияра Руслановна, ЖСН 990801401668 Серіктестіктің қатысушысы болып табылады.	**4. Участник Товарищества** 4.1. Участником Товарищества является Мурадо Нияра Руслановна, ИИН 990801401668, проживающ по адресу г. Алматы, ул. Клочкова, д. 89, кв. 6.
5. Серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері 5.1. Серіктестік қатысушылары құқылы: 1) Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға; 2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға; 3) Серіктестік қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға; 4) Серіктестік таратылған жағдайда оның мүлкінің кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған Серіктестік мүлкіндегі олардың үлесіне сәйкес келетін бөлігін немесе оның мүлкін құны алуға; 5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестік қызметіне қатысуды тоқтатуға; 6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) Серіктестік жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға. 7) Серіктестік қатысушысының қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін. 5.2. Серіктестік қатысушысы міндетті: 1) Серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде салымдар енгізуге; 2) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге; 5.3. Серіктестік қатысушысы құрылтай шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.	**5. Права и обязанности участников Товарищест** 5.1. Участники Товарищества вправе: 1) участвовать в управлении делами Товарищества; 2) получать информацию о деятельнос Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской иной документацией; 3) получать доход от деятельности Товариществ принимать участие в распределении чистого дохода; 4) получать в случае ликвидации Товарищества час его имущества, соответствующую их доле в имущест Товарищества, оставшегося после расчетов кредиторами, или его стоимость; 5) прекратить участие в Товариществе пут отчуждения своей доли; 6) оспаривать в судебном порядке решения орган Товарищества, нарушающие их пра предусмотренные Законом и (или) устав товарищества. 7) Участник Товарищества может иметь и др права, предусмотренные действующ законодательством. 5.2. Участник Товарищества обязан: 1) вносить вклады в уставный капитал Товарищества порядке, размерах и в сроки, предусмотренн учредительными документами; 2) не разглашать сведения, которые Товариществ объявлены коммерческой тайной; 5.3. Участник Товарищества может нести и друг обязанности, предусмотренные учредительн договором и законодательными актами Республи Казахстан.
6. Серіктестіктің мақсаты мен қызмет түрлері 6.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылады. 6.2. Серіктестік келесі қызмет түрлерін жүзеге асыра алады: • медициналық өнімдердің көтерме-бөлшек саудасы;	**6. Цель и виды деятельности Товарищества** 6.1. Основной целью деятельности Товарищест является извлечение дохода. 6.2. Товарищество может осуществлять следующ виды деятельности: • оптово-розничная торговля медицинскими изделиями;

• дистрибьюторлық және өкілдік қызметі, соның ішінде медициналық жабдық; • медициналық жабдыққа қызмет көрсету бойынша сервистік қызметтер көрсету; • өнеркәсіптік және халық тұтынатын тауарларды өндіру, сатып алу және сату; • халық тұтынатын тауарлардың көтерме және бөлшек саудасын ұйымдастыру; • қоғамдық тамақтану пункттерін, азық-түлік дүкендерін ашу және пайдалану; • сауда үйлерін, шағын және супермаркеттерді ұйымдастыру және пайдалану; • маркетинг, инжиниринг, менеджмент, лизинг, «ноу-хау»; • коммерциялық көрмелер, жәрмеңкелер мен аукциондар ұйымдастыру және өткізу; • ауыл шаруашылық шикізаты мен тірі жануарларды көтерме сату; • фармацевтикалық және медициналық қызмет; • құрылысты жобалау және құрастыру; • инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау; • жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу; • технологиялық жобалау; • сараптамалық жұмыстар; • құрылысқа арналған іздестіру жұмыстары; • жолдар құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу; • ғимараттар құрылысы; • құрастырмалы конструкцияларды монтаждау және орнату; • сүт өнімдерінің, жұмыртқалардың, тағам майлары мен майларының көтерме саудасы; • алкогольсіз сусындарды қоса алғанда, тағамдық өнімдерінің бөлшек саудасы; • сыртқы экономикалық қызмет; • алкогольсіз сусындарды қоса алғанда, азық-түлік өнімдерінің көтерме саудасы; • жемістер мен көкөністердің көтерме саудасы; • ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу, өткізу; • кәсіпорындарды басқару; • дәріханалар желісін құру; • диагностикалық қызмет; • шұғыл медициналық қызмет; • жарнамалық-ақпараттық және баспа қызметі; • делдалдық және сауда-коммерциялық қызмет; • жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу; • экспорттық-импорттық операциялар; • халыққа көпсалалы медициналық қызметтер көрсету; • көліктік және осы қызметпен байланысты қызметтер; • іс қағаздарын жүргізу бойынша қызметтер; • тұтыну нарығының талдау-маркетингі; • Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде жолаушылар және жүк тасымалдары; • заңнамада белгіленген тәртіпте сыртқы экономикалық қызмет;	• дистрибьюторская и представительская деятельность, в том числе медицинского оборудования; • оказание сервисных услуг по обслуживанию медицинского оборудования; • производство, закуп и реализация товаров промышленного и народного потребления; организация оптовой и розничной торговли товаров народного потребления; • открытие и эксплуатация пунктов общественного питания, продовольственных магазинов; • организация и эксплуатация торговых домов, мини и супермаркетов и т. д.; • маркетинг, инжиниринг, менеджмент, лизинг, «ноу-хау»; • организация и проведение коммерческих выставок, ярмарок и аукционов; • оптовая торговля сельскохозяйственным сырьем и живыми животными; • фармацевтическая и медицинская деятельность; • строительное проектирование и конструирование; • проектирование инженерных систем и сетей; • разработка специальных разделов проектов; • технологическое проектирование; • экспертные работы; • изыскательские работы для строительства; • строительство, капитальный и текущий ремонт дорог; • строительство зданий; • монтаж и установление сборных конструкций; • оптовая торговля молочными продуктами, яйцами, пищевыми маслами и жирами; • розничная торговля пищевыми продуктами, включая безалкогольные напитки; • внешнеэкономическая деятельность; • оптовая торговля пищевыми продуктами, включая безалкогольные напитки; • оптовая торговля фруктами и овощами; • закуп, реализация сельскохозяйственной продукции; • управление предприятиями; • создание сети аптек; • диагностическая деятельность; • неотложная медицинская деятельность; • рекламно-информационная и издательская деятельность; • посредническая и торгово-коммерческая деятельность; • продажа и приобретение недвижимости; • экспортно-импортные операции; • оказание многопрофильных медицинских услуг населению; • транспортные и связанные с этой деятельностью услуги; • услуги по делопроизводству; • анализ-маркетинг потребительского рынка;

- қызметтердің барлық түрлерін, соның ішінде: ғылыми-зерттеу, жобалау, құрылымдық, іздестіру, аудармалық, өкілділік, есептеу, анықтамалық-ақпараттық, маклерлік, басқарушылық, комиссиондық, ұйымдастыру қызметтерін көрсету;
- көтерме-бөлшек сауда;
- сауда-делдалдық қызмет;
- халық тұтынатын тауарлар мен өнеркәсіптік мақсаттағы тауарларды (киім, аяқ киім, құрылыс материалдары, шаруашылық тауарлар, тұрмыстық химия, жиһаз) өндіру және өткізу;
- компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету;
- баспа-бланк өнімдерін өндіру және өткізу;
- ғимараттар мен құрылыстардың тірек және қоршау конструкцияларын тұрғызу;
- арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары;
- сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстарды орнату бойынша жұмыстар;
- ішкі инженерлік желілерді орнату бойынша жұмыстар;
- ғимараттар мен құрылыстардың құрылысы, қайта құрылымдау, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары;
- технологиялық жабдықты монтаждау;
- технологиялық жабдықтарды іске қосу-баптау жұмыстары;
- құрылыс материалдарын өндіру, өткізу, экспорт-импорт;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- консалтинг, өкілдік және т.б. қызметтер;
- инвестициялық қызмет;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

7. Серіктестіктің мүлкі

7.1. Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшысының (қатысушысының) салымы, Серіктестік алған кірістер, сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы болуы мүмкін.

7.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы 270 000 (екі жүз жетпіс мың) теңгені құрайды, ол Серіктестік мемлекеттік тіркелген кезден бастап бір жыл ішінде қалыптастырылуға тиіс.

7.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту заңнамада көзделген тәртібінде жүзеге асырылады және оны толық төлегеннен кейін жол беріледі.

7.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту қатысушының салымдарын азайту жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестік жарғылық капиталды

- пассажирские и грузовые перевозки на территории Республики Казахстан и за ее пределами;
- внешнеэкономическая деятельность в установленном законодательством порядке;
- оказание всех видов услуг, в том числе: научно-исследовательских, проектных, конструкторских, изыскательских, переводческих, представительских, вычислительных, справочно-информационных, маклерских, управленческих, комиссионных, организационных;
- оптово — розничная торговля;
- торгово-посредническая деятельность;
- производство и реализация товаров народного потребления и товаров промышленного назначения (одежда, обувь, стройматериалы, хозяйственные товары, бытовая химия, мебель); обеспечение компьютерными программами;
- производство и реализация печатно-бланочной продукции;
- возведение несущих и ограждающих конструкций зданий и сооружений;
- специальные строительные и монтажные работы;
- работы по устройству наружных инженерных сетей и сооружений;
- работы по устройству внутренних инженерных сетей;
- отделочные работы при строительстве, реконструкции, капитальном ремонте зданий и сооружений;
- монтаж технологического оборудования;
- пусконаладочные работы технологического оборудования;
- производство, реализация, экспорт-импорт строительных материалов;
- внешнеэкономическая деятельность;
- консалтинговых, представительских и др. услуг;
- инвестиционная деятельность;
- другие виды деятельности, не противоречащие действующему законодательству РК.

7. Имущество Товарищества

7.1. Имущество Товарищества формируется за сч вклада его учредителя (участника), доходо полученных Товариществом, а также ин источников, не запрещенных законодательство Вкладом в уставный капитал Товарищества могут бы деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права том числе право землепользования.

7.2. Уставный капитал Товарищества составляет 2 000 (двести семьдесят тысяч) тенге, который долж быть сформирован в течение одного года с момен государственной регистрации Товарищества.

7.3. Увеличение уставного капитала Товарищест осуществляется в порядке, предусмотренн законодательством, и допускается после его полн оплаты.

7.4. Уменьшение уставного капитала Товарищест может осуществляться путем уменьшения вклад

азайту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде барлық кредиторларға жазбаша хабарламалар жариялауға немесе тиісті хабарландыруды серіктестіктер туралы мәліметтер жарияланатын ресми басылымға орналастыруға міндетті.

8. Серіктестікті басқару органдары

8.1. Серіктестіктің жоғары басқару органы оның қатысушысы болып табылады. Серіктестік қатысушысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Серіктестік жарғысының өзгеруі, Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерінің, орналасқан жерінің және фирмалық атауының өзгеруі немесе Серіктестік жарғысының жаңа редакцияда бекітілуі;
- Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;
- Серіктестіктің Байқау кеңесі мен тексеру комиссиясын (ревизорын) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту және Серіктестіктің таза табысын бөлу;
- Ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;
- Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге және өзге де коммерциялық ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау.

8.2. Серіктестіктің ағымдағы басшылығын жүзеге асыратын Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің директоры болып табылады, ол:

- Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- Серіктестік қызметкерлеріне қатысты лауазымға тағайындау, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық еңбекақылары мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді және көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;
- Қатысушының немесе байқаушы органдардың құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді немесе оған қатысушылар берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8.3. Атқарушы органның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Серіктестікте

участника. Товарищество обязано в двухмесячный срок со дня принятия решения об уменьшении уставного капитала объявить всем кредиторам письменные уведомления либо поместить соответствующее объявление в официальном издании, в котором публикуются сведения о товариществах.

8. Органы управления Товариществом

8.1. Высшим органом управления Товариществом является его участник. К исключительной компетенции участника Товарищества относится:

- Изменение устава Товарищества, изменение размера уставного капитала Товарищества, места нахождения и фирменного наименования, или утверждения устава Товарищества в новой редакции;
- Образование исполнительного органа Товарищества и досрочное прекращение его полномочий, а также принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление;
- Избрание и досрочное прекращение полномочий Наблюдательного совета и ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества;
- Утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода Товарищества;
- Утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества;
- Решение об участии Товарищества в иных хозяйственных товариществах, и иных коммерческих организациях;
- Решение о реорганизации или ликвидации Товарищества;
- Назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;
- Решение о залоге всего имущества Товарищества;
- Решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества в соответствии с действующим законодательством.

8.2. Исполнительным органом Товарищества, осуществляющим текущее руководство Товарищества, является Директор Товарищества, который:

- Без доверенности действует от имени Товарищества;
- Выдает доверенности на право представлять Товарищество;
- В отношении работников Товарищества издает приказы о назначении и на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования и принимает меры поощрения, и налагает дисциплинарные взыскания;
- Осуществляет иные полномочия, не относящиеся к компетенции участника или наблюдательных органов, либо полномочия, переданные ему участниками.

8.3. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью исполнительного органа в Товариществе может быть создана ревизионная комиссия (ревизор), состоящая из 3

3 мүшеден тұратын тексеру комиссиясы (ревизор) құрылуы мүмкін. Тексеру комиссиясын (ревизорды) Серіктестік қатысушы бір жыл мерзімге сайлайды. Серіктестіктің атқарушы органдарының мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.
8.4. Тексерулер жүргізу үшін кәсіби аудитор тартылуы мүмкін.

членов. Ревизионная комиссия (ревизор) избирает участником Товарищества сроком на один го Члены исполнительных органов Товарищества могут являться членами ревизионной комиссии.
8.4. Для проведения ревизий может быть привлеч профессиональный аудитор.

9. Серіктестіктің таза табысын бөлу

9.1. Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі қызметі нәтижесінде алған таза табысын бөлу қатысушының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

9. Распределение чистого дохода Товарищества

9.1. Распределение чистого дохода, полученно Товариществом в результате его деятельности квартал, за полугодие или за год, производится соответствии с решением участника.

10. Серіктестіктің еңбек ұжымы

10.1. Серіктестік директоры қызметкерлерді жалдау туралы келісімшарттар, сондай-ақ еңбек қатынастарын реттейтін басқа да формалар негізінде жалдауға құқылы;
10.2. Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды беруге кепілдік береді.
10.3. Әр қызметкердің еңбек табысы жұмыстың түпкілікті нәтижелерін ескере отырып, оның ең жоғары еңбек салымымен айқындалады, ең жоғары мөлшерімен шектелмейді және белгіленген қағидаларға сәйкес салық салынады.
10.4. Серіктестік еңбекақы төлеу формалары мен жүйелерін дербес айқындайды, еңбек келісімшарттарында тарифтік мөлшерлемелер мен еңбекақылардың мөлшерін көздейді, мемлекеттік тарифтерді тиісті біліктілігі бар қызметкерлер мен мамандардың еңбегіне ақы төлеудің ең төменгі кепілдігі ретінде қарастырады.
10.5. Серіктестік қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады. Серіктестік барлық жұмыс істейтіндер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті, олардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне келтірілген залал үшін заңнамада белгіленген тәртібінде жауапты болады.

10. Трудовой коллектив Товарищества

10.1. Директор Товарищества вправе осуществля наем работников на основе контрактов о найме, а так других форм, регулирующих трудовые отношения;
10.2. Товарищество гарантирует предоставление работникам всех социально экономических пра определяемых законодательством Республи Казахстан.
10.3. Трудовые доходы каждого работника определяются его личным трудовым вкладом с учет конечных результатов работы, максимальны размерами не ограничиваются и облагаются налогом соответствии с установленными правилами.
10.4. Товарищество самостоятельно определяет форм и системы оплаты труда, предусматривает в трудов контрактах размеры тарифных ставок и оклад рассматривает государственные тарифы к минимальную гарантию оплаты труда работников специалистов соответствующей квалификации.
10.5. Работники Товарищества подлеж обязательному социальному страховани Товарищество обязано обеспечить для вс работающих безопасные условия труда, нес ответственность в установленном законодательств порядке за ущерб, причиненный их здоровью трудоспособности.

11. Серіктестікті қайта ұйымдастыру

11.1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөлек шығару, қайта құру) Серіктестік қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестік қайта ұйымдастыру туралы шешімге қатысушылар бірігу, қосылу, бөліну және бөліну жолымен қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде өзінің барлық кредиторларына қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарламалар жіберуге және тиісті хабарландыруды ресми баспасөз органдарына орналастыруға міндетті.
11.2. Серіктестік тапсыру актісіне сәйкес қайта құрылатын Серіктестіктің барлық құқықтары мен міндеттері ауысатын өзге шаруашылық серіктестік немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы.

11. Реорганизация Товарищества

11.1. Реорганизация Товарищества (слияни присоединение, разделение, выделен преобразование) может быть осуществле добровольно по решению участника Товариществ Товарищество обязано в двухмесячный срок со д принятия участников решения о реорганизации пут слияния, присоединения, разделения и выделен направить всем своим кредиторам письменн уведомления о реорганизации и помести соответствующее объявление в официальных органа печати.
11.2. Товарищество вправе преобразоваться в ин хозяйственное товарищество или производственн кооператив, к которому переходят все права обязанности преобразуемого Товарищества соответствии с передаточным актом.

12. Серіктестікті тарату

12.1. Серіктестік мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

- қатысушының шешімі бойынша;
- сот шешімі бойынша;
- заңнамада көзделген басқа да негіздер бойынша.

12.2. Серіктестікті таратуды Серіктестік қатысушысы немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Серіктестіктің істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

12.3. Тарату аяқталды, ал Серіктестік бұл туралы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне жазба енгізген сәттен бастап өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Серіктестік қатысушысы:

Мурадова Нияра Руслановна

_____

(қолтаңбасы)

12. Ликвидация Товарищества

12.1. Товарищество может быть ликвидировано:

- по решению участника;
- по решению суда;
- по другим основаниям, предусмотренным законодательством.

12.2. Ликвидация Товарищества производится ликвидационной комиссией, назначаемой участником Товарищества или судом. С момента назначения ликвидационной комиссии, к ней переходят полномочия по управлению делами Товарищества.

12.3. Ликвидация считается завершенной, а Товарищество прекратившим свою деятельность, с момента внесения об этом записи в единый государственный регистр юридических лиц.

Участник Товарищества:

Мурадова Нияра Руслановна

_____

(подпись)

Пятое апреля две тысячи двадцать четвертого года.

Я, Мельникова Татьяна Юрьевна, нотариус г. Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0000357 от 20.01.2006 года выданной комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи гр. **Мурадовой Нияр Руслановны** которая сделана в моем присутствии. Личность подписавших документ установлена, дееспособность проверена.

1061

Зарегистрировано в реестре за № 1067

Взыскано: 4061 тенге

Нотариус

ES740521124040515204 8F51953F

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Нөмірленген және баулықталған
Пронумеровано и прошнуровано
3 (Три)
парақта/страницах
Нотариус